

**Құрылыс отрядының КОМИССАРЫ**

Құрылыс отрядының комиссары

«Әркім өзінің игілігіне еңбек етсін, сонда, мемлекеттің де игілігі артады»  
Н. Ә. Назарбаев.

Тұңғыш Президенттің өмірі мен еңбек жолы – халыққа қызмет етудің жарқын үлгісі. Мен мақаламды жастарға үлгі – өнеге болсын деген оймен жазып отырмын.

КСРО-да тұңғыш рет студенттердің құрылыс отрядтары жұмыс жасай бастағанына, міне, биыл 50 жыл толып отыр. Бүгінгі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың 1964 жылғы үш ай жазда Нұра ауданының «Балықтыкөл» шаруашылығына Қарағанды политехникалық институты студенттерінің құрылысшылар отрядын басқарып барғанына биыл 48 жылдың жүзі толыпты.

«Ол кезде біздер 3 курс студенттері едік» – деп еске алады бірге оқыған группалас достары Қуаныш Омашев, Ермек Төлеубаев, Төлеутай Сүлейменов, Қабидолла Сарекенов. Бір топта оқыған досы Жақсылық Әскеев Елбасының студенттік құрылыс отрядының командирі болып барғаны туралы былай деп еске алады : «Біз оны Сұлтан деп айтушы едік. Шіркін-ай, шешендігі қандай! Солтүстік облыстан келген біз аузымызды ашып, тандана қарап отыратынбыз. Диалектикалық материализм, философия пәндеріне ағып тұратын. Тіпті, бар ғой, өзін екі сағат бойы сөйлетіп қоятынбыз. Қашан, қай сәтте уақыт тауып, оқып алатынын білмейтінбіз. Үнемі көңілді жүретін. Достарына көмектесуден ешқашанда бас тартқан емес. Әлі есімде, Нұра ауданының «Балықтыкөл» шаруашылығына студенттік құрылыс отряды

болып бардық. Командиріміз – Сұлтан. Өзі – епті, өзі – пысық. Таппайтын амалы, келіспейтін басшысы болсайшы. Бәрінің де тілін таба біледі. Соның арқасында институттың алдында абыройға бөленіп жүрдік. Қазақ айтады емес пе, «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» деп. Құдай өзі оған екеуін де жастайынан сыйлады. Ол, базбіреулер ойлайтындай, «көктен түсе қалған жоқ». Білім қуды, күні-түні ерінбей-жалықпай ізденді, тынбай тер төкті. Тағы бір таңқалғаным, орыс тіліне аса жетіктігі. Днепродзержинскиде жүргенде төселіп алған-ау, шамасы. Шынымды айтайыншы, орыстардың арасында өскен менен тілді жетік білетіндігіне іштей намыстанушы едім. Енді ойлап отырсам, ол бізден үздік болуымен қоймай, барлық жағынан да озық болған екен. Әнін айтсаңшы Сұлтанның. Бұл бір ғажап дүние еді-ау! Қайран жастық шақ-ай!».

Жақсылық Әскеев жақында ғана бақилық болды. «Өткен күнде белгі жоқ» депті атам қазақ. Дегенмен, бұл да болса Елбасы өмірінің бір белестері екені айтпаса да белгілі. Бәріне де уақыт төреші, уақыт өз дегенін істейді. Сонымен, Қарағанды политехникалық институтының іргетасы 1953 жылы құрылған. Қазақстан Республикасының болашақ Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1962 жылдан 1965 жылға дейін Қарағанды политехникалық институтында «Құю өндірісі» мамандығы бойынша оқыды. 1965 жылы металлургия факультетінің жабылуына байланысты, Теміртау қаласындағы, Қарағанды металлургия зауытының жанынан ашылған ЖТОО-ға (Жоғары техникалық оқу орны) ауысады.

1965-1967 жылдары Қарағанды металлургия зауыты жанындағы зауыт – ЖТОО-да «Қара металдар металлургиясы» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының болашақ Президенті Нұрсұлтан Назарбаев оқыған еді. Сол бір студенттік жастық шағы жайында Елбасымыздың мынадай естелігі Теміртау қаласындағы, ҚР Тұңғыш Президентінің тарихи-мәдени орталығы мұражайындағы электронды қондырғыда жазылып қойылған. «Мен және біздің цехтың тағы да бірнеше жігіттері бізге стипендия төлеп отырған зауыттың жолдамасы бойынша Қарағанды политехникалық институтына түстік..... Жүктемелеріміз ауыр болғанымен, оқуымыз онша қиын түспеді: егер біз кешкі ауысымда жұмыс істесек, лекциялар күндіз оқылды, немесе керісінше жасалды. Сонымен қатар, ай сайын лекцияларға, семинарлық және зертханалық сабақтарға бірнеше күн бөлінетін. Осындай қолайлы оқу жүйесі бойынша бір жыл дәріс алдық. Одан кейін, металлургиялық комбинаттың тікелей өзінен, зауыт – ЖТОО құрылғанша, екі курс «таза» студенттік жағдайды басымыздан өткіздік. Осы жерден диплом алдық та» – деп ойын білдіреді.

Ойымды қысқаша қорыта келе, негізгі айтпағым: Елбасымен бір топта оқыған досы Қуаныш Омашев ағамыз бүгінде «Сигма – Теміртау» ЖШС директоры. Міне, сол кісінің біздің орталықтағы мұражайға табыс еткен суреттері арасында Қарағанды политехникалық институты студенттерінің құрылыс отряды және Нұрсұлтан Назарбаев пен Мұхамбетқали Абайділдиннің шаруашылықтарда тұрғын үйлер мен мал шаруашылығы фермаларын тұрғызу жұмысындағы кезеңдері бейнеленген фотосуреттері

бар. Назарбаев сол кезде-ақ өзін құрылыс саласының мықты ұйымдастырушысы екенін таныта біліпті. Студенттік құрылыс отрядтарының студенттері оны «біздің прораб» дей отырып, үлкен мақтанышпен дәріштейтін еді.